

Жаңақала аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 тамыздағы № 29-6 " Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 2-9 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 мамырда 4411 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 наурыздағы № 19-19 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 15.03.2018 № 19-19 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " және 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Жаңақала аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 тамыздағы № 29-6 " Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4037 тіркелген, 2015 жылғы 27 қыркүйектегі "Жаңарған өңір" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

1. "Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"**

2. Жаңақала аудандық мәслихат аппаратының басшысы (С. Успанова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет"

ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми
ж а р и я л а н у ы н қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Қ. Ешимов

З. Сисенғали

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК